




АЛМАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың
маусым айынан басталады



info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№ 84 (533) // 6 тамыз // бейсенбі // 2026 жыл

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЖАҢАНДЫҚ ЖАРЫС – МОЛ МҮМКІНДІК БАСТАУЫ



Қапшағай су қоймасында алдағы 5 жыл бойы халықаралық «Формула-1 H2O» жарысы өткізіледі. Бұл жоба судағы сайысты ұйымдастырумен ғана шектелмейді. Алдағы уақытта өңірде катерлер шығаратын зауыт салынады деп жоспарлануда. Сондай-ақ су көліктерін басқарушыларды оқытатын академия ашылмақ. Тіпті су үстіндегі «Формула-1» жарысында ел намысын қорғайтын ұлттық команда жасақталады.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев «F1H2O» сайысын ұйымдастырушылармен тағы бір мәрте кездесіп, халықаралық шараны жоғары деңгейде өткізу мәселесін талқылады.

— «Формула-1 H2O» секілді халықаралық

жарыстарды өткізу еліміздің әлемдік деңгейдегі беделін одан әрі арттыра түседі. Облыс әкімдігі тарапынан бұл бастамаға толық қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ ҚР Спорт және туризм министрлігімен

бірлесіп, сайысты еліміз үшін маңызды ұлттық жоба ретінде іске асыруға күш саламыз, — деді аймақ басшысы.

«H2O Racing» компаниясының өкілі Раймондо ди Сан Джермано Қазақстан бұл сайысты өткізуге ең қолайлы ел екенін атап өтті.

— Халықаралық доданың Орталық Азияда кеңінен дамығанын қалаймыз. Әлем бойынша су үстіндегі ең ауқымды жарысты Қонаевта ұйымдастыруды ұйғардық. Себебі бұл шаһар су туризмімен кең танымал. Ыстықкөлде өткен жарыста 2027 жылғы әлем чемпионатының Қазақстанда өтетінін ресми түрде жарияладық. Алдағы уақытта біз академия ашып, су көліктерін басқаратын мамандарды оқытамыз. Сондай-ақ Қазақстанда және жалпы Орталық Азияда осы спорт түрінің федерациясын дамыту бағытында жұмыс істейміз. Бұл жобалардың барлығы Қонаев қаласында жүзеге асады. Бұдан бөлек, Қазақстанда спорт катерлерін шығаратын зауыт ашуды да жоспарлап отырмыз. Ыстықкөлде болғанымызда Қырғызстанның өз командасы жоқ екенін көрдік. Алдағы 12 ай ішінде Қазақстанның толыққанды ұлттық құрамасын жасақтауға мүмкіндік бар, — деді Раймондо ди Сан Джермано.

Айта кетейік, «Formula-1 H2O» биыл Қырғызстандағы Ыстықкөл жағалауында өтті. Желмен жарысқан жүйріктердің өнерін тамашалауға 6 елдің президенті арнайы барып қатысты. Ал келер жылы Қапшағай су қоймасында болатын жарысты әлем бойынша бір миллиардқа жуық адам тікелей трансляция арқылы тамашалайды деп күтілуде. Бұл еліміздің туристік әлеуетін арттырып, шетелдіктердің қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

● ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Биылғы 1 шілдеден бастап жаңа Конституцияның қолданысқа енуі — еліміздің уақыт талабына сай дамып, қоғамның сұранысына жауап беруге ұмтылып отырғанының айқын дәлелі. Елдің Ата Заңы — әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғайтын, мемлекет пен қоғамның дамуына бағыт-бағдар беретін басты құжат. Жаңа Конституцияда әділетті қоғам құру, заң үстемдігін нығайту және халықтың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту көрініс тапқан. Бұл бастамалар азаматтардың жауапкершілігін арттырып, елдің болашағына деген сенімін нығайтады деп ойлаймын.

Кітапхана саласының қызметкері ретінде мен үшін жаңа Ата Занда білімге, мәдениетке және ақпаратқа қолжетімділікке ерекше көңіл бөлінгені көңіл қуантады. Себебі, кітапхана — қоғамның рухани дамуына қызмет ететін, білім мен парасаттың ордасы. Біз оқырмандардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, елдік құндылықтарды насихаттауға және өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге үлес қосып келеміз.

Конституция — тұрақтылықтың тірегі, тәуелсіздігіміздің тұғыры. Оны құрметтеу — өз мемлекетімізді, болашағымызды құрметтеу. Сондықтан жаңадан қабылданған негізгі заң Қазақстанды кемел келешекке бастайтынына сенемін. Менің ойымша, жаңа Конституция қабылдау — болашақ ұрпақтың игілігі үшін жасалып жатқан маңызды қадам. Заң талаптары заман ағымына сай жетілдіріліп отырса, мемлекет те тұрақты дамып, халықтың әл-ауқаты арта түседі. Әрбір азамат Конституцияны құрметтеп, заң талаптарын сақтауды өзінің азаматтық борышы деп қабылдауы тиіс.

Президент бастамасымен жүзеге асып жатқан реформалардың түпкі мақсаты — халық үніне құлақ асатын, әділ әрі ашық мемлекет қалыптастыру. Мұндай өзгерістің нәтижесі тек заңдарда ғана емес, күнделікті өмірімізде, қоғамдағы өзара сенім мен жауапкершілікте көрінуі қажет. Осы орайда кітапхана қызметкерлері оқырмандар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, Конституцияның мәні мен маңызын түсіндіруге және жастардың бойына отансүйгіштік қасиеттерді сіңіруге әрдайым атсалыса береміз. Өйткені елдің жарқын болашағы — білімді, саналы әрі заңға құрметпен қарайтын ұрпақтың қолында.

Әлия БОРАНБАЙ,
Алматы облыстық орталық әмбебап
кітапханасының қызметкері

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ – 2026

Қонаев қалалық кітапханасында Алматы облысы бойынша Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын өткізуге жауапты мекеме өкілдері мен аумақтық сайлау комиссиялары мүшелерінің қатысуымен жиын өтті.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Басқосуды ашқан Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Шавхат Өтемісов Құрылтай депутаттарының сайлауын тағайындау туралы Президент Жарлығы шыққан соң Орталық сайлау комиссиясының отырысы болып, саяси науқанды өткізуге бағытталған жоспар бекітілгенін атап өтті. Өзінің осы сапарының мақсаты Алматы облысындағы Құрылтай депутаттарын сайлау күніне дайындық жұмысы қандай деңгейде жүріп жатқанын бағамдау екенін жеткізді. Шавхат Өтемісовтың айтуынша, сайлау жоғары деңгейде өтуі үшін комиссия мүшелерінің өзі заңды жақсы білуі керек. Сондықтан комиссия мүшелерін оқыту мәселесіне ерекше назар аударылған. Оқыту үш кезеңге бөлінген. Бірінші кезеңде Орталық сайлау комиссиясы аумақтық сайлау комиссияларына семинар өткізеді. Екінші кезеңде аумақтық сайлау комиссиялары учаскелік сайлау комиссияларының төрағасы, орынбасары мен хатшысын, үшінші кезеңде олар учаскелік комиссия мүшелерін оқытады. Сонымен қатар саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерге және БАҚ өкілдеріне арналған семинарлар өткізілгенін тілге тиек етті.

Жиын барысында алғашқы сөз кезегін алған облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

өңірде Құрылтай депутаттарын сайлауға дайындық жұмысы Орталық сайлау комиссиясының күнтізбелік жоспарына сәйкес жүзеге асырылып жатқанын айтты. Сайлау учаскелері 100 пайыз материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз етілгенін, сайлаушылар тізімін нақтылау бойынша Орталық сайлау комиссиясының алгоритміне сәйкес жұмыс жүргізілгенін, облыста сайлаушылар саны 2 тамыздағы жағдай бойынша 1 млн 42 мың адамды құрап отырғанын жеткізді. Одан кейін облыс прокурорының бірінші орынбасары Қанат Мамаев, полиция департаменті бастығының орынбасары Ұлан Садықов, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Асыл Ваисов өңірде Құрылтай депутаттарының сайлауын өткізуге дайындық барысы жайлы баяндады.

Келесі кезекте сөз облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Мейрамгүл Айтоғаға берілді.

— Алматы облысында сайлауды ұйымдастыру және өткізуге 12 аумақтық және 683 учаскелік сайлау комиссиясы қатысады. Саяси науқанды ұйымдастыруға барлығы 4811 сайлау комиссиясының мүшесі жұмылдырылған. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қалыптастырылған комиссиялардың құрамына саяси партиялардан, қоғамдық бірлестіктерден ұсынылған азаматтар және жоғары тұрған сайлау комиссиялары тағайындаған мүшелер енгізілген. Қазіргі уақытта комиссиялардың ұйымдастырушылық қызметі тұрақты бақылауда. Барлық аумақтық комиссиялармен күнделікті байланыс орнатылып, дайындық жұмысының орындалуына тұрақты

мониторинг жүргізілуде. Сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби даярлығы — сайлаудың сапалы өтуінің негізгі кепілі. Осыған байланысты облыстық аумақтық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі комиссия мүшелеріне арналған кезең-кезеңімен оқыту семинарларын өткізуде. Оқыту барысында Құрылтай сайлауының құқықтық негіздері, сайлау комиссияларының өкілеттіктері, дауыс беру күнін ұйымдастыру, өтініштер мен шағымдарды қарау, сайлаушылар тізімдерімен жұмыс жүргізу тәртіптері, құжаттама жүргізілуі, бюллетеньдермен жұмыстың реттілігі, дауыстарды санаудың заңнамамен белгіленген рәсімдері, хаттамалардың дұрыс рәсімделуі, байқаушылармен және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өзара іс-қимыл секілді негізгі мәселелер қарастырылуда. Оқу барысында тек теориялық түсіндірумен шектелмей, практикалық кейстер, жағдаяттық тапсырмалар және дауыс беру күнінің толық моделі қолданылуда. Бүгінгі таңда барлығы 82 оқыту семинары өткізілді, бұл жұмыстар сайлау күніне дейін жалғасады, — деген Мейрамгүл Қазыбекқызы сайлау учаскесінің дайындығы жөнінде мағлұмат берді. Сонымен қатар сайлау комиссияларының маңызды міндеттері мен ақпараттық-түсіндіру жұмысы жайына кеңінен тоқталды.

Жиналысты қорытындылаған Шавхат Өтемісов шақыру қағазы сайлаушының қолына жетуіне, пандустардың талапқа сай болуына, Құрылтай депутаттарының сайлауы өтетін күні жергілікті жерлердегі барлық қызметтердің тұрақтылығына баса назар аудару қажеттігін қаперге салды.

Келелі жиын аяқталған соң, елордалық мейман Қонаев қаласы мен Алатау қалаларының бірнеше сайлау учаскесіне барып, ондағы ахуалмен танысты.

Аймақ басшысының күнделікті қызметімен танысқыңыз келсе, мына QR-кодты сканерлеп, Алматы облысы әкімі Марат Сұлтанғазиевтің Instagram-дағы жеке парақшасына өтіңіздер:



@MARAT_SULTANGAZIYEV

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:





МӘСЛИХАТ

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Қонаев қаласындағы Alatau Hub алаңында облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының ұйымдастыруымен көпшілік тыңдау өтті. Жиынға тұрақты комиссия төрағасы Сұлтан Нұрдаулетов төрағалық етіп, күн тәртібіне шығарылған мәселелердің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңыздылығына тоқталды. Басқосуға облыстық мәслихат депутаттары, басқармалар басшылары мен жауапты сала мамандары, жастар қатысты.

● Құралбек СӘБИТОВ —

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарға сәйкес өткен көпшілік тыңдаудың күн тәртібінде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру барысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы білім беру ұйымдарының балансындағы пайдаланылмайтын 6 коммуналдық меншік және Іле ауданындағы денсаулық сақтау саласына қарасты 1 коммуналдық меншік нысанын сауда-саттыққа шығару мәселелері қаралды.

Алғашқы болып облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мәди Ахметов баяндама жасап, өңірде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, азаматтық жауапкершілікті арттыру және олардың әлеуетін елдің дамуына бағыттау жөніндегі тапсырмалары өңірде кезек-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Қазіргі таңда аймақта 432 мыңнан астам жас тұрады. Бұл – өңір тұрғындарының шамамен 28 пайызды. Сондықтан жастарды қолдау өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты басымдықтарының бірі болып қала береді. Баяндамашының мәліметінше, жастар саясатының негізгі көрсеткіштерінің бірі саналатын NEET санатындағы жастар үлесі соңғы жылдары айтарлықтай азайған. Егер 2023 жылы бұл санатта 45 мыңнан астам жас болса, 2024 жылы олардың саны 26 мыңға дейін төмендеген. Ал 2025 жылы 19 мыңнан асса, биылғы шілде айындағы мәлімет бойынша 16 мың 817 жасты немесе жалпы жастар санының 3,89 пайызын құрап отыр. Соңғы үш жылда бұл көрсеткіштің шамамен 63 пайызға қысқаруы жұмыспен қамту шараларының, атаулы сүйемелдеудің және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының нәтижесін көрсетеді. Осы орайда Мәди Абылайұлы өз сөзінде:

– Жыл басынан бері белсенді жұмыспен қамту шараларымен 4 мың 934 жас қамтылған. Оның ішінде мыңнан астам жас тұрақты жұмысқа орналасса, 1 мың 483 азамат субсидияланатын жұмыс орындарына жіберілген. Сонымен қатар жүздеген жас кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, қысқа мерзімді кәсіптік курстардан өткен. 1 мың 347 жас жеке кәсіпкер ретінде өз ісін бастаған. Жастарды еңбекке баулуда дәстүрлі түрде жүзеге асырылып келе жатқан «Жасыл ел» бағдарламасының да маңызы зор. Быыл аталған жобаға облыстық бюджеттен 130 миллион теңге бөлінген. Оның басым бөлігі жастардың еңбекақысы мен әлеуметтік төлемдеріне бағытталған. Бағдарлама аясында облыстың барлық аудан-қалаларынан мың жас маусымдық еңбекке тартылып, әрқайсысына 85 мың теңге көлемінде еңбекақы төлеу жоспарланған, – деді басқарма басшысы.

Баяндамашы өз сөзінде жастар инфрақұрылымын дамыту жұмысы да жүйелі жалғасып жатқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, қазіргі уақытта облыстық, тоғыз аудандық



Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘМЖЕН

және Алатау қалалық жастар ресурстық орталықтары жұмыс істейді. Сонымен бірге 134 ауылдық округте жастармен жұмыс жөніндегі әдіскер-нұсқаушылар қызмет көрсетуде. Соңғы екі жылда Кеген, Балқаш, Райымбек және Қарасай аудандарында жаңа жастар ресурстық орталықтарының ғимараттары пайдалануға берілсе, Қонаев қаласында жаңа коворкинг орталығы ашылған. Бұдан бөлек, Іле, Ұйғыр және Талғар аудандарында жастарға арналған заманауи кеңістіктер іске қосылған. Жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында да бірқатар жұмыс жүргізілген. Жыл басынан бері 125 іс-шара, 94 профилактикалық рейд және 25 семинар ұйымдастырылып, 4 мыңнан астам жас қамтылған. Антиграффити акциялары барысында есірткі жарнамасын насихаттайтын 1800-ден астам заңсыз жазу өшірілген. Өңірде волонтерлік қозғалыс та қарқынды дамуда. Қазіргі таңда үш мыңнан астам ерікті қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, олардың ұйымдастыруымен мың жарымнан астам қайырымдылық және әлеуметтік акция, сондай-ақ 75 экологиялық шара өткізілген. Басқарма басшысы биыл облысымызда алғаш рет «Мемлекеттік жастар саясаты мектебі» республикалық семинар-тренингті ұйымдастырылғанын айтты.

– Үш күндік оқыту барысында еліміздің әр өңірінен келген жастар ресурстық орталықтарының мамандары тәжірибе алмасып, мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың жаңа тәсілдерін меңгерді. Жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев семинар қатысушыларымен кездесіп, жастармен ашық пікір алмасты. Сонымен қатар өңірде халықаралық байланыстар да нығайып келеді. Астана қаласынан келген «Ұлттық волонтерлік желі» өкілдері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен волонтерлік қызметті дамыту мәселелерін талқыласа, Талғар ауданында өткен III қазақ-қырғыз жастарының форумында цифрлық трансформация, жастардың цифрлық сауаттылығы, лудомания мен нашақорлықтың алдын алу бағытындағы жобалар таныстырылды. Қытайдың Шанхай қаласынан келген делегациямен және Ресейдің Омбы қаласында өткен жастар форумында да халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған нақты келісімдер жасалды, – деді.

Баяндамасын қорытындылаған басқарма басшысы алдағы 12 тамыз – Халықаралық жастар күні қарсаңында өңірде өтетін іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыруға депутаттар тарапынан қолдау көрсетуді сұрап, жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру жұмысы алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстық білім басқармасы

басшысының орынбасары Диана Онбырбаева Еңбекшіқазақ ауданындағы пайдаланылмай тұрған коммуналдық меншік нысандарын сауда-саттыққа шығару жөнінде баяндама жасады. Оның айтуынша, аталған нысандардың барлығы бұрынғы мектептер мен клуб ғимараттары. Жаңа білім беру ұйымдарының салынуына немесе оқушылар санының азаюына байланысты бұл ғимараттар бүгінде пайдаланылмайды. Көпшілігінің техникалық жағдайы ескіріп, жартылай қирағандықтан әрі қарай пайдалану мүмкін болмай отыр. Сауда-саттыққа шығаруға ұсынылған нысандар қатарында Алға ауылындағы бұрынғы Алға орта мектебінің ғимараты, Жаңашаруа ауылындағы бұрынғы мектеп пен клуб ғимараттары, Достық ауылындағы Қаратұрық орта мектебінің бұрынғы ғимараты, Ж.Қайыпов ауылындағы бұрынғы «Қазақстан» мектебі және Қайнар ауылындағы Қызыл Қазақ бастауыш мектебінің бұрынғы ғимараты бар. Барлық нысан бойынша құжаттар толық рәсімделіп, қажетті материалдар облыстық қаржы басқармасына жолданған. Осыған байланысты аталған алты нысанды заңнама талаптарына сәйкес ашық сауда-саттыққа шығару ұсынылды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Қайыржан Оңғаров сөз сөйлеп, Іле ауданындағы пайдаланылмай тұрған бұрынғы фельдшерлік-акушерлік пункт ғимаратын сауда-саттыққа шығару жайын таныстырды. Ынтымақ ауылында орналасқан бұл нысан 1975 жылы салынған. Ғимараттың техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз әрі жартылай қираған. Елдімекенде 2012 жылы жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілгеннен кейін бұрынғы ФАП өз қызметін тоқтатқан. Осыған байланысты аталған коммуналдық меншік нысанын белгіленген тәртіппен сауда-саттыққа шығару ұсынылды.

Көпшілік тыңдау барысында халық қалаушылары күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір алмасып, қойылған сұрақтарға басқарма басшылары тарапынан жан-жақты жауап берілді. Нәтижесінде мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру, сондай-ақ пайдаланылмай тұрған коммуналдық меншік нысандарын заң талаптарына сәйкес сауда-саттыққа шығару жөніндегі ұсыныстар бірауыздан қолдау тапты. Көпшілік тыңдау қорытындысы мемлекеттік жастар саясатын одан әрі жетілдірумен қатар, өңірдегі пайдаланылмай тұрған коммуналдық мүлікті тиімді басқару бағытындағы жұмыстардың жалғасатынын көрсетті. Бұл өз кезегінде мемлекеттік активтердің тиімділігін арттыруға, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және жастардың әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік бермек.

АЙБЫН

Қонаев қаласының орталық алаңында Алатау қаласындағы 3660 әскери бөлімінде Отан алдындағы әскери борышын өтеуге келген жас сарбаздардың ант қабылдау рәсімі өтті. Жауынгерлік Ту салтанатты түрде ортаға әкелініп, Мемлекеттік Гимн орындалған соң, орталық алаңда сап түзеген Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстары мен Шымкент, Алматы қалаларынан әскер қатарына шақырылған 200-ге жуық жас сарбаз кезегімен келіп, ант қабылдады.

САРБАЗДАР
АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Салтанатты ант қабылдау рәсімінен кейін сөз алған 3660 әскери бөлім командирінің міндетін атқарушы, подполковник Есбол Ержақыпұлы 1 шілде күні қолданысқа енген жаңа Конституцияда Қазақстан Республикасын қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы екені тайға таңба басқандай жазылғанына баршаның назарын аударды. Әскери анттың мәні өте зор екенін, сарбаздарға зор жауапкершілік, үлкен міндет жүктелетінін тілге тиек етті. Жауынгерлерді өздеріне жүктелген міндетті, әскери жарғыны бұлжытпай орындауға, қызметтің қиыншылығын табандылықпен көтеруге дайын болуға шақырды.

Келесі кезекте Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 3660 әскери бөліміне келіп, Отан алдындағы борышты ресми түрде өтеуге кіріскен жас сарбаздарды Қонаев қаласының әкімінің орынбасары Тимур Ақмұрзаев құттықтады.



– Бүгін – ел болашағы үшін маңызды күн. Жас сарбаздар 3660 әскери бөлімінде әскери ант қабылдап, Отан алдындағы борышын ресми түрде бастады. Ант – жай рәсім емес, елге адал қызмет етудің, жауапкершілік пен рухтың белгісі, өмір бойы жүректе сақталатын қасиетті сәт. Ел тыныштығын қорғауға серт беру – үлкен міндет. Бұл рәсім – ата-аналар үшін де зор мақтаныш әрі қуаныш. 3660 әскери бөлімі – нағыз азамат қалыптастыратын беделді құрылым, – деген шаһар басшысының орынбасары жас сарбаздарға, мықты денсаулық және адал қызмет, антка адалдық тіледі.

Қонақтар атынан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары, полковник Павел Ситников, аталған қолбасшылықтың ардагерлер қауымының мүшесі, запастағы подполковник Дархан Сүйсенов, сарбаздардың аналар қауымы төрағасы Татьяна Тропина мен бірқатар ата-аналар жас сарбаздардың ел қорғауға басқан қадамына құтты болсын айтып, ажарма тілектерін арнады.

Нұрділда Әбдіханұлы мен Александр Андриенко есімді сарбаздар әскери анттарына адал болып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, тапсырмаларды бұлжытпай орындайтындарына ант қабылдаушы сарбаздар атынан уәде берді.

Қаланың орталық алаңында өткен ант қабылдау рәсімі жас сарбаздардың салтанатты шеруімен аяқталды. Жеке құрам бөліністерге қару тапсыруға кеткен кезде бөлім командирінің міндетін атқарушы Есбол Ержақыпұлы ата-аналарымен сұхбат өткізіп, сарбаздардың меңгеретін мамандық түрлері мен атқаратын қызметтері жөнінде хабардар етті.

Жамбыл ауданының Қарақыстақ ауылында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында кезекті тазалық жұмысы жүргізілді. Ауыл тұрғындары мен белсенді азаматтар ұйымшылдық танытқан шараға аудан әкімінің орынбасары Ықылас Аманбек, Қарақыстақ ауылдық округінің әкімі Мәлік Қасымбаев қатысты.

Кесене маңы тазартылды



● Серік САТЫБАЛДИЕВ —

Сенбілікке шыққандар акция барысында қоғамдық орындарды тазалап, қоршаған ортаны қорғауға өз үлестерін қосты. Ауыл көшелері мен қоғамдық аумақтар қоқыстан арылып, абаттандыру жұмысы жүргізілді. Жастар сонымен қатар елдімекен сыртымен өтетін Қарақыстақ өзенінің жағалауы мен көпірді тазартты. Сол мандағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, арқалы ақын Сүйінбай Аронұлының кесенесі мен манайы толықтай тазартылып, тарихи-мәдени нысанның аумағы ретке келтірілді. Бұл жұмыстар туған жерге деген жанашырлықты, ұлттық құндылықтарымызға деген құрметті және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Акцияға 40-қа жуық адам қатысты.

– Бүгінгі шараға ауыл жастарының белсенді қатысқаны қуантады. Тазалықты сақтау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Осындай игі бастамаларға белсенді қатысып, табиғатты таза ұстауға бірге атсалысайық! – деді аудан әкімінің орынбасары Ықылас Аманбек.

Қарақыстақ ауылы,
Жамбыл ауданы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚҰҚЫҚТЫҚ КВЕСТ

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —

Шараға белсенді де ынталы жастар қатысып, өздерін шынайы тергеушілер мен заңгерлер орнында сезініп көруге мүмкіндік алды. Қатысушылар ұсынылған әрбір күрделі заңдық кейсті үлкен қызығушылықпен талдап, логикалық ойлау қабілеттері мен тапқырлықтарын жоғары деңгейде көрсетті.

Кеген аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант Жандос Сайлаубекұлы, Кеген аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант Айбек Әжікеев жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, сарапшы ретінде қолдау көрсетті. Тәжірибелі полиция қызметкерлері жастардың әрбір шешімін заң тұрғысынан бағалап, шынайы өмірден алынған құқықтық жағдайлар мен олардың шешу жолдарын егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

Шара соңында белсенділік танытып, үздік нәтиже көрсеткен барлық қатысушылар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Кеген ауданы



Кеген аудандық Жастар ресурстық орталығында «Заң мен тәртіп» қағидасын ілгерілету және жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Заң шеңбері» (Law Case Study) атты ерекше форматтағы детективтік квест-ойын өтті.



ЖАМБЫЛ – 180

Қазақ халық поэзиясының алыбы, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына биыл – 180 жыл. Бүгінгі мақаламыз қазақтың біртуар мақтаныштары – Жамбыл мен шәкірті, Ұлы дала жыршысы Кенен жайлы өрбиді. Жыр алыбы Жамбыл мен Кененнің өмір жолы өз алдына бір кітапқа жүк боларлық тақырып десек, қателеспейміз.

Өмір жолында 80 жылға таяу уақыт қолынан домбырасын тастамай, туған халқына қызмет еткен өнер иесі Кенен Әзірбаев қазіргі Қордай өңірінде туған. Оның балалық шағы Мәтібұлақ басында козы бағумен өтеді. Кенен өте алғыр, ширақ, пысық болып өсті. Кенен тіршілігіне налып, қолындағы таяғын домбыра жасап, аспандағы шырылдап ұшқан бозторғайды әнге қосады.

*Бозторғай шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке дейін таямақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолға ұстап,
Сандайын қой артында ерте-кеште-ей!*

Бұл ән бала Кененнің ақындық атты өмір кемесіне барар жолдағы тырнақалды туындысы еді. Ол жастайынан халықтың ақындық, шешендік өнеріне зор ынта қойып, ән мұрасын санасына мейлінше сіңіріп, бойындағы Құдай берген әншілік, жырышылдық, ақындық күлдіретті барынша шындап, қалыптастырып өседі. Әрине, сонымен бірге Кененнің дара тұлға болып қалыптасуына өскен ортасының ықпалы зор. Ақын туып-өскен өңірден атақты Сүйінбай, Бақтыбай, Майкөт, Құлманбет, Жамбыл, Сарбас, Бармақ, Үмбетәлі, Қабан, Тілеміс, Есдәулет, Ұлбике, Әлмен, Айкүміс, Ләтипадай ақындар шыққан.

Кененнің Жамбылмен алғашқы кездесуі Шәбден манаптың асы еді. Шәбден қырғыз, қазақ еліне атағы бірдей тараған, өзі сақа, өзі жомарт, киімі жоққа киім, аты жоққа ат берген, үйінен қонақ, көрмесінен ат кетпеген, өзі Ресейдің ақ патшасына үш барған, Меккеге екі барған, даңқы жерді жарған, ел билеген кісі екен. Бір жолы патшаға сәлем жолдап, Сібірге айдалған адамдардың кінәсін кешіртіп, абақтыдан босаттырыпты. Сол бұқараға әділ, кара қылды қай жарған кісі деп атағы жайылған Шәбденнің қайтыс болғанына жыл толып, ас берілгені жатқан көрінеді. Асқа қырғыз, қазақтың атақты ақын-жыршылары, әнші-күйшілері, батыр-балуандары, алғыр шешендері, қысқасы, ел аузына іліккен жасқалары шақырылыпты.

Ары қарай Кененнің өз естелігіне көз жүгіртелік. «Өр болыс өз адамдарын қаттап береді. Еркебай Шәбден асында өлең айту үшін мені қаттап беріпті. «Ойбай, ағатай, мені неге қаттадың?» – дедім. «Даусың зор, әнің бар, көрікті, талантты жігіттің бірісің. Көптің алдына шықпай, елдің көзіне түспей, өнерің өрге баспайды, Кенен. Қашанғы қой соңында жүре бермексің? Өлеңінді жұптап, даярлана бер, тойға өзім алып барамын», – деді Еркебай. Бұл сөзден соң мен толқи бастадым, қойдан босатып, қамқор болған Еркебайдың сенімінен шықсам екен деген ой санамнан кетпей қойды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Алматыда «HUMAN RIGHTS LAWYERS» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мемлекеттік орган өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар мен сарапшылар қауымдастығы қатысқан «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және балаларға жасалатын қиянаттың алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ ●

Бұл шара тұрмыстық зорлық-зомбылық пен балаларға қарсы қылмыстардың алдын алуға, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, азаматтарды өз құқықтарын қорғау тетіктерінен хабардар етуге, сондай-ақ отбасы мен балалық шақты қорғау ісінде мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының бірлескен іс-қимылын нығайтуға бағытталған. Жиын барысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары, балаларға жасалатын қиянат түрлері және олардың алдын алу жолдары, бала құқығын қорғаудың құқықтық тетіктері, жәбірленушілерге құқықтық және психологиялық көмек көрсету, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың бірлесіп әрекет етуі, отбасылық құндылықтарды дәріптеу және қауіпсіз орта қалыптастыру, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытындағы ортақ жұмыстар кеңінен талқыланды.

Жиынды ашып, жүргізіп отырған «HUMAN RIGHTS LAWYERS» қоғамдық қорының президенті Ләззат Рақышева алқалы басқосуға келген қонақтарға алғысын жеткізіп, соңынан күн тәртібіне қойылып отырған мәселе жөнінде ауқымды баяндама жасады.

– Біз қоғам үшін аса өзекті мәселені талқылап, оны шешудің нақты жолдарын бірлесіп қарастыру үшін жиналып отырмыз. – деді Ләззат Бекмұханбетқызы сөз басында. – Қор сүйемелдеген 1500 өтініштің ішінен 28 қылмыстық іске жасалған талдау қорытындысы зорлық-зомбылықтың алдын алу, жәбірленушілерді қорғау және сот тәртібіне қол жеткізу саласында жүйелі түйткілдердің бар екенін көрсетті.

Талдау көрсеткендей, зорлық-зомбылық жағдайларының көбі кенеттен бола қалмайды. Көптеген істе қылмыс ұзақ уақыт бойы жалғасады. Ал құқық

Зорлық-зомбылық алыстан келмейді



қорғау органдарына алғашқы оқиғадан кейін айлар, тіпті жылдар өткен соң ғана мәлім болады. Бұл ерте анықтау және алдын алу тетіктерінің әлі де әлсіз екенін білдіреді.

Ең қауіптісі – қылмыс жасады делінгендердің дені бөгде біреулер емес, жәбірленушілердің өз әкесі, әгей әкесі, ағасы, туыс ағасы және басқа да жақын туыстары немесе жақын таныстары болып шығады. Бұл мемлекеттік деңгейдегі алдын алу жұмыстарын тек қауіпті бейтаныс адам ұстанымынан отбасышылдық зорлық-зомбылықтың алдын алуға қарай бұру қажеттілігін айғақтайды. Сонымен қатар топтық жыныстық зорлық-зомбылық деректері, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар арқылы танысып, кейін қылмысқа ұласқан жағдайлар алаңдаушылық тудырады. Бұл балалар мен жасөспірімдердің цифрлық қауіпсіздігін күшейту қажеттігін көрсетеді. Өтініштер Қазақстанның әртүрлі өңірінен түскенімен, барлық жерде кездесетін мәселелер бірдей. Келеңсіз оқиғалардың көбі Түркістан, Жамбыл облысы, Шымкент пен Алматы қаласы мен Алматы облысынан келеді. Бұл істерде отбасы ішінде балаларға қарсы жасалған жыныстық зорлық, қылмысты кеш анықтау және деректерді ұзақ уақыт жасырып қалу жағдайлары басым. Анықталғандай, бірде-бір істі кенеттен болған деп атауға келмейді. Бұл түйткілдің басты

себебі тек қылмысты тергеу барысында емес, сонымен қатар ерте анықтау мен алдын алу жұмыстарының әлсіз екенін көрсетеді.

Баяндамашы өз сөзінде балаларға жасалатын зорлық-зомбылықтың көп жағдайда жақын туыстарынан келетінін айта келіп, оның алдын алуға қатысты шаралардың жобасын ұсынды. Бұл жерде ата-ана мен құқық қорғау органдарының, мемлекеттік мекемелер мен психологтардың бірлесе жұмыс атқаруы аса маңызды.

Баяндамашы сөзінің соңында мемлекеттік органдарға қылмыстың алдын алу үшін ата-аналарды жыныстық зорлық белгілерін тануға үйрету, мектептерге міндетті бағдарламаларды енгізу, балалардың цифрлық қауіпсіздігін күшейту, жәбірленушілерге тегін заңдық көмек көрсету, адвокат таңдау мүмкіндігін қарастыру, психологиялық көмектің қолжетімділігін арттыру, тергеу мерзімдеріне қатаң бақылау орнату, қылмыстық істердің негізсіз тоқтатылуын азайту, балаларға қарсы қылмыстарды тергеудің бірыңғай стандарттарын қамтамасыз ету, ведомствоаралық құрылымдардың өзара іс-қимылын күшейту қажеттігін ескертті.

Келесі болып сөз алған Алматы облыстық аналар кеңесінің төрағасы Гүлнар Жошбабаева отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мәселелері жайлы айтып берді.

– Қазіргі қоғамда отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі өзектілігін жоғалтпай, керісінше, әрбір адамның назарын аударуды талап ететін келеңсіз құбылысқа айналды. – деді ол өз сөзінде. – Бұл құбылыстың кең таралуы әлеуметтік, психологиялық және құқықтық салдарларды туындатып, қоғамның барлық деңгейіне әсер етуде. Зорлық-зомбылық тек экономикалық қана емес, оның психологиялық, экономикалық және эмоционалдық түрлері де көп күттірмей, қоғамның сан қырлы мәселелеріне айналып отыр. Зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсету ғана емес, оның алдын алу шараларын іздестіру – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Осы орайда отбасыларға қауіпсіздік мәдениетін нығайту арқылы зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімді әдістерін анықтау аса маңызды. Статистикалық талдау, сауалнама жүргізу және сараптамалық бағалау әдістерінің нәтижелер көрсеткендей, қауіпсіздік мәдениетін арттыру үшін отбасы мүшелерінің құқықтық сауаттылығын көтеру және қоғамды ақпараттандыру маңызды рөл атқарады. Нәтижесінде, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін кешенді тәсілдер қажет екендігі анықталды. Бұл қауіпсіздік мәдениетін дамыту арқылы ғана мүмкін болмақ.

Алматы облысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында нақты жұмыс атқарылып келеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы, полиция департаменті, әлеуметтік мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар, балым беру және денсаулық сақтау салысының өкілдерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, түрлі форматтағы кездесулер, семинарлар, түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылуда.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу күрделі, бірақ шешімін табуға болатын мәселе. Халықаралық тәжірибені зерттеу арқылы біз өз елімізде тиімді қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыра аламыз. Бұл үшін заңнамалық негізді күшейтіп, қоғамның барлық мүшелерінің белсенді қатысуы қажет.

Баяндамашы облыс аумағында осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды айта келіп, өз ұсыныстарын жеткізді. Атап айтқанда, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында кешенді бағдарламаларды енгізу, қоғамның әрбір мүшесі бұл мәселені шешуге атсалысуы үшін ақпараттық насихат жұмыстарын күшейтіп, құқықтық реформалар мен қолдау қызметтері зорлық-зомбылықты анықтауды және алдын алуды жақсартып, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға үлес қосу, жүйелі білім беру, ауылдық жерлерде қызмет көрсету мүмкіндігін арттыру және агрессорларға арналған психологиялық бағдарламаларды кеңейту қажет.

Қазақстандағы психоанализ мектебінің негізін қалаушы, психоаналитик, Орталық Азия психоанализ институтының директоры Анна Құдиярованың осы саланың маманы ретінде айтары көп болды. Анна Мергенбайқызы отбасылық және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың себебі мен салдары жайында ғылыми тұрғыда талдау жасап, зардап шеккендерге құқықтық және психологиялық көмек көрсетудің қолданыстағы жүйесін саралап берді. Сондай-ақ өзара тәжірибе алмасып, отбасы мен бала құқықтарын қорғау саласындағы мекемелерлік ықпалдас-тықты нығайту бойынша нақты ұсыныс-тарын жеткізді.

Алқалы жиында Алматы қалалық әділет департаментінің арнайы өкілі Шынар Әзілбек, Қарасай аудандық мәслихатының депутаты, «Отбасын қолдау орталығы» КММ директоры Анна Константинова күн тәртібіне қойылып отырған мәселе жөнінде нақтылы деректерді келтіре отырып, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар мен жағдайды түзетуге қатысты ұсыныс-тарын айтты. Дөңгелек үстел отырысына келген өзге де қонақтар сөз алып, мәселеге қатысты өз ойларын ортаға салды. Сонынан «HUMAN RIGHTS LAWYERS» қоғамдық қорының президенті Ләззат Рақышева тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және балаларға жасалатын қиянаттың алдын алу бағытында жемісті еңбек етіп, қоғамға пайдалы істерге атсалысып жүрген белсенділерге Алғыс хаттар табыс етті.

таныстым», – дейді Кенен естелігінде. Сондағы Жамбылдың бейнесін Кенен:

*Кісі екен алғыс жасты алқындаған,
Салдықтың самалымен салқындаған.
Домбыра ап, төңірекке қарағанда,
От болып екі көзі жарқылдаған.
Аузында айтар сөзі іркілмеген,
Ақынның дер шағы екен бұл күн деген.
Сөйлесе досын мақтап, қасын даттап,
Нөсердей дүркін-дүркін дүркіндеген.
Қызынса, қияғынан мұртын жеген,
Түк емес қызып кетсе, бір күн деген, –* деп сипаттайды.

«Ас тарады. Жамбылға ат мінгізіп, шапан жауып, құрметпен шығарып салып жатты. Менің екі көзім Жәкенде, қайткенде де жақынырақ бары сәлем беру. Тентек қойдай шыр айналып жүріп мен де жақындай түстім-ау, – дейді Кенен Жамбыл ұстазымен алғаш жолыққаны жайлы. – Алдына келіп, әдептен тізе бүгіп, қолымды төсіме қойып, сәлем бердім. Сәлемімді ықыласпен алған Жамбыл жылы жүз танытып қарай берді. «Қарағым, қай баласың?» – деді. Сол-ақ екен: «Мен өмірде өнер қуып жүрген жас бала едім. Дулаттың бір атасы Қасқарауданмын. Бата, бата беріңізші, ата!» – дегенім есімде». Сонда Жәкен Кененге:

*Кешегі анау бозүйден
Шыққан дауыс сен бе едің?
Бөдене мен тұрғыптай
Бұққан дауыс сен бе едің?
Бүркіт болсаң, боларсың,
Үлкен екен шеңгелің.
«Кенен-Кенен» деп жүр гөй елдің бәрі,
Осы тойға жиналған жас пен кәрі.
Сәлем берсең, қарағым, бақытты бол,
Бабалардың балаға көшкен нәрі.
Ақындық Ораздан да үзілмеген,
Сарыбас, Әлмен ақынды кім білмеген?
«Бабаның батасынан» деген нақыл,
Құдай сені сақтасын кесірінен,
Жар бағатын жаспалақ, құзғын деген.
Досың болсын Алатау аспанында,
Қыран құстай шырқағын қызғынды өлең.
Әумин!» – деп бата беріпті.*

Міне, осы күннен бастап Жамбыл мен Кенен арасындағы өнер жалғастығы ұстаздық-шәкірттік өмір жолымен ұштасып, 50 жылдай біте-қайнап, бірге өсіп-толысты.

«Жәкен менің дауысымды жақсы көретін еді. Кездескен сайын ән салдырмай жібермейтін. Қайда жүрсем де іздестіріп, сұрастырып, таптырып алатын. Ұзақ уақыт қатынасып қалсам: «Кененжан-ау, қайда кеттің? Не тындырып жүрсің өзін?» деп ұрсып та алатын», – деп шәкірті Кенен ұлы ұстазы Жамбылды осылайша сағынышпен есіне алып, әңгімелеп отырған. Бұл да келешек ұрпақ үшін ұлағатты естеліктің бір парасы, тарих үшін құнды деректің бірі. Сөзіміздің түйінінде тұлғалар ұмытылмасын демекпіз.

**Ләззат ТАУАСАРҚЫЗЫ,
Кенен Әзірбаев әдеби-мемориалдық
музейінің қызметкері
Қордай ауданы,
Жамбыл облысы**



ТАҒЗЫМ

Таңатар би саябағы

*Ел мен жер үшін туып,
жанын қизан бабаларын
халық ешқашан ұмыт-
пайды, қайта ерлік
мәңгілік жасай беретін-
дігін уақыт көрсетіп
келеді. Ұрпағына ұлағат,
халқына қорған болған,
елдік пен ерліктің, ауыз-
біршілік пен әділдіктің
туын көтерген Таңатар
Айтұлының тарихтағы
орны айрықша. Ат жалын
тартып мінгеннен өмірінің
соңына дейін «ауыздықпен
алысып, толарсақтан қан
кешіп», ел бірлігі үшін
күрескен Таңатар бабамыз
– бір өлкенің ғана емес,
іісі қазақтың тұтастай
тұлғасы.*



● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Өз дәуірінің қайталанбас кайраткері болған Таңатар Айтұлын еске алып, үлкен ас берілді. Рухани шара Кеген ауылының орталығындағы Таңатар би саябағының ашылуымен басталды. Саябақ жасыл желекпен көмкеріліп, онда балалар ойын алаңы мен әсем безендірілген қақпа бой көтерген.

Қазақтың тарихы – жырыммен өрілген тарих. Баба рухына арналған жүрекжарды жырды ақын Сүйіндік Серік жеткізді.

Алқалы жиында сөз бастаған Кеген ауданы әкімінің орынбасары Медет Исаев даңқты ерлердің ерлік істері жастарды отаншылдыққа тәрбиелейтінін айтып, жұртшылықты мерейтоймен құттықтады.

– Ашылып отырған саябақ ауданымызға келген қонақтарымыздың, туристердің, барша аудан халқының, өскелең ұрпақтың қасиетті мекені боларына сенеміз. Осы саябақ тынығып, рухани демалыс сыйлайтын маңызды нысан ретінде көпшілікке қызмет ете берсін деп тілеймін. Саябақты ашуға аталысқан барша Таңатар би баба ұрпақтарына аудан халқы атынан алғысымызды білдіреміз, – деді ол.

Баба ұрпақтары – Жұмабек Бірімтаев, Төлеухан Әбдіқадырұлы, Саят Жанабаев, Қуанышбек Жанабаев, Өнуар Нарынбаевтар Таңатар бидің көрегенділігі мен жаужүректілігіне кеңінен тоқталып, өрелі істері жайында тың деректерді алдыға тартса, Әбіл ақсақал көпшілікке ақ батасын берді. Ақындар жырдан шашу шашты.

Мерейтой ары қарай Қарқара ауылындағы жайлауда «Таңатар баба – ел бірлігі» атты тағылымды шараға ұласты.

Ұлы бабаның өмір жолынан сыр шертетін «Төртеу түгел болса» атты театрландырылған көріністі Кеген

халық театрының әртістері орындап, сахна шымылдығын ашты. Таңатар баба туралы монологты жазған – баба ұрпағы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын Жарас Сәрсек.

Салтанатты рәсімнен соң, ауданның бас имамы Өзім Сатыбалдыұлы баба рухына Құран бағыштады.

Тілдің өткірлігі мен ойдың жүйріктігін тоғыстырған Таңатар бабаға арналған сөз сайысы көптің делебесін қоздырды. Алғашқы жүп – Райымбек ауданынан келген Аят Жәнібек пен кегендік Расул Сауытбек айтысты бастады. Ер Таңатарды арқау етіп, тарихтан сөз қозғады. Одан соң Медетбек пен Сұлужан Таубалдықызы сөз жарыстырып, қыз бен жігіт айтысының асқақ үлгісін паш етті. Бұл айтыс шынайы шабытпен, шымыр шумақпен өрілген өнер бәйгесі болып, рухани байлығымызды ұлықтады.

Мерейтойға жиналған жұрт Нұрым Байбала, Асылбек Ысқақ, Дидар Асанов, Ақмарал Сүлеймен, Бахаргүл Айтбаева, Ділімұрат Рахымқожа, Кәдірбек Сүлеймен, Мақсат Бөтеев сынды өнер иелерінің әндерін тамашалады. Олардан бөлек, «Дос-Мұқасан» ансамблінің танымал әншісі Айбек Мұхамедәлі де кештің басты қонағының бірі болды. Бұдан кейін бозкілемде балуандар күш сынасса, білектілер кір тасын ұршықша иірді. Ұлттық ойын асық атудан жарыс ұйымдастырылып, белділер қошқар көтеруден алдына жан салмады.

Ұлттың ұлы тұлғасын ұлықтайтын, өткен мен бүгінді жалғайтын тағылымды мереке осылайша мәресіне жетті.

Бабаны ұлықтау – өткенді дәріптеу ғана емес, келешекке өнеге қалдыру. Бұл саябақ – өткенге тағзымның, бүгінгі ұрпақтың баба рухына деген құрметінің белгісі.

Кеген ауданы

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

Соңғы күндері ауа температурасының күрт жөғарылауы, жауын-шашынның азаюы және желдің күшеюі орман алқаптарында өрт шығу қаупін бірнеше есе арттырып отыр. Осындай кезеңде табиғат аясында демалушылардың өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауы – аса маңызды.

Орманды өрттен қорғайық!

Өкінішке қарай орман өртінің басым бөлігі адам факторынан туындайды. Өшірілмеген от, темекі тұқылы, сіріңке, шыны бөтелкелер немесе құрғақ шөпті өртеу салдарынан ірі көлемдегі өрттер орын алып, орман қоры мен жануарлар дүниесіне орны толмас зиян келтіреді. Осыған байланысты Шелек орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауыл тұрғындары мен қонақтарын орманға барған кезде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Демек, орманда от жағуға және көмі қалдықтарын тастауға, темекі тұқылы мен сіріңкені толық сөндірмей лақтыруға, шыны бөтелке мен тез тұтанатын қалдықтарды қалдыруға болмайды. Орманның түтін немесе өрт байқасаңыз, дереу 101, 112 немесе мекеменің кезекші телефоны: 2-50-18 нөміріне хабарлауыңызды сұраймыз.

Табиғатты қорғау – әр азаматтың парызы. Орман – халқымыздың баға жетпес байлығы. Оны сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Бауыржан МОЛДАБАЕВ,
«Шелек орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жиделі орман өрт сөндіру стансасының басшысы
Еңбекшіқазақ ауданы

Табиғатты аялау – ортақ міндет

Жаз мезгіліндегі аттап ыстық орман және дала өрттерінің шығу қаупін арттырады. Осыған байланысты Шелек орманшылығының орман қоры аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғатты қорғау шаралары күшейтілуде.

Орман өрттерінің басым бөлігі адам әрекетінен орын алады. Табиғат аясында сөндірілмеген от, темекі тұқылы, шыны бөтелке қалдықтары, қоқыс жағу немесе белгіленбеген жерлерде от жағу орны толмас зардаптарға әкелуі мүмкін. Бір ғана ұшқын мыңдаған гектар орман алқабын жойып, жануарлар дүниесіне, өсімдіктер әлеміне және қоршаған ортаға үлкен зиян келтіреді.

Өрттің алдын алу мақсатында Шелек орманшылығы орман қоры аумағында және оған іргелес жерлерде ашық от жағуға, коқыс пен құрғақ шөпті өртеуге, темекі тұқылын тастауға, жанғыш заттарды қалдыруға қатаң тыйым салынады. Демалушылар мен тұрғындар табиғат аясында болған кезде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауы тиіс.

Өрт қаупі жоғары маусымда Шелек орманшылығының қызметкерлері орман алқаптарын күнделікті патрульдеп, бақылау жүргізеді. Сонымен қатар тұрғындар арасында түсіндіру жұмысы ұйымдастырылып, өрттің алдын алу шаралары тұрақты түрде жүзеге асырылады. Өрт сөндіру техникасы мен арнайы құрал-жабдықтар әрдайым дайындық жағдайында ұсталады.

Егер орман немесе дала өртінің белгілерін байқасаңыз, өз бетіңізше сөндіруге әрекет жасамай, дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарлап, өрттің нақты орын алған жері туралы ақпарат беру қажет.

Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Орман – келер ұрпаққа аманат болатын баға жетпес байлық. Сондықтан өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап, туған табиғатымызды бірге қорғайық!

Кемран ДҰРСУНОВ,
«Шелек орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Шелек орманшылығының орман шебері
Еңбекшіқазақ ауданы

22.09.2026 жылы, сағат 11-00-де, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үлкен ауылы, 5 ш/а, 43 үй мекенжайында «Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Үш-Балық-2» кен орнында құм-киршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «BN Group Co» ЖШС, БСН: 130740010266, мекенжайы: Алматы облысы, Қонаев қаласы, 5 шағынаудан, 55 үй, пәтер 56, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, priroda_alm@bk.ru., Тел. 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

22.09.2026 г. в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Улкен, мкр.5, дом 43 будут проводится общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Уш-Балык-2» расположенного в Жамбылском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференци: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «BN Group Co», БИН: 130740010266, адрес: Алматинская область, город Конаев, микрорайон 5, дом 55, кв 56, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», priroda_alm@bk.ru., Тел. 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

22.09.2026 жылы, сағат 11-30-да, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үлкен ауылы, 5 ш/а, 43 үй мекенжайында «Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Үш-Балық-2» кен орнында құм-киршық тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «BN Group Co» ЖШС, БИН: 130740010266, мекенжайы: Алматы облысы, Қонаев қаласы, 5 шағынаудан, 55 үй, 56-пәтер, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, priroda_alm@bk.ru., Тел. 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

22.09.2026 г. в 11:30 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Улкен, мкр.5, дом 43 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Уш-Балык-2» расположенного в Жамбылском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференци: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «BN Group Co», БСН: 130740010266, адрес: Алматинская область, город Конаев, микрорайон 5, дом 55, кв. 56, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», priroda_alm@bk.ru., Тел. 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек, Кеген аудандары – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне
тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді
«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек
Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады
Газет атнасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Суреттердің саласы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPYU0086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 1761

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде,

«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҮНҒАТАР

Бас редактордың
бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың
орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА